

## Мексика Құрама Штаттарында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 746 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Мексика Құрама Штаттарымен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мехико қаласында (Мексика Құрама Штаттары) Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті Н.Назарбаев*